

**№1-педагогикалық кеңес отырысының
ХАТТАМАСЫ**

28 тамыз 2025 жыл

Қатысқандар: 8

Тақырыбы: «Жаңа оқу жылына дайындық»

Мақсаты: Жаңа оқу жылындағы балабақша қызметінің негізгі бағыттарымен танысып, жүзеге асыру жұмыстары.

Күн тәртібі:

1. Жазғы маусымдық іс-шаралар есебі.
2. Нормативтік құқықтық құжаттар. (Әдістемелік нұсқау хат, стандарт пен бағдарлама, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделі)
3. Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары 2025-2026 оқу жылында тәрбие білім беру туралы әдістемелік нұсқаулық хат
4. Балабақшаның 2025-2026 оқу жылына оқу жоспарын және балабақша жұмысының жылдық жоспарын, педагогтардың перспективалық жоспарларын, күн тәртібін талқылау және бекіту.
5. Әр түрлі мәселелер.

Мәселелерді талқылау барысы

Бірінші болып балабақша меңгерушісі А.Б.Султанова сөз сөйледі. Алдыңғы педагогикалық кеңестің шешімін оқыды. Жазғы кезеңде барлық жоспарланған іс-шаралар ұйымдастырылғанын және өткізілгенін атап өтті.

Балабақшамыздың аудан/қаланың барлық балабақшаларының арасындағы рейтингі анықталды. Рейтинг бойынша көрсеткіштің неліктен төмен немесе жоғары болуының себебін түсіндірді, осы бағыттағы жұмыстың негізгі перспективаларын белгіледі.

Бірінші мәселе бойынша балабақша әдіскері У.М.Гумарова сөз сөйледі. Балабақшада жазғы сауықтыру кезеңін ұйымдастыру бойынша жұмыс Мектепке дейінгі ұйымдарда жазғы сауықтыру кезеңін ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға сәйкес жүзеге асырылғанын атап өтті. Ол жазғы кезеңде өткізілген сауықтыру іс-шаралары туралы есеп берді. Жазғы алаңда таңертең күнделікті түрде гимнастика жасалды. Жазғы іс-шараларды және белсенді демалысты ұйымдастыру үшін мерекелер мен ойын-сауықтарды өткізудің жоспар-кестесі құрылды. Су ішу режимі сақталды. Мәзірге балғын шырындар, жемістер, көкөністер енгізілді. Балалардың таза ауадағы қозғалыс белсенділігі орташа және төмен қарқынды ойындарымен қамтамасыз етілді, құм және сумен, спорттық құралдармен ойнауға арналған ойыншықтарды сыртқа шығару ұйымдастырылды.

Шешім: 1. Жазғы сауықтыру кезеңінде «Інауат» жеке балабақшасының педагогикалық ұжымының жұмысы қанағаттанарлық деп есептелсін:

Екінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі А.Б.Султанова сөз сөйледі. Ол педагогикалық кеңеске қатысушыларды жылдық міндеттер, жұмыстың тәрбие-білім беру процесінің негізгі бағыттары және 2025 – 2026 оқу жылына арналған жылдық міндеттерді орындау бойынша әдістемелік жұмысты ұйымдастыру, оның ішінде ҚР ОАМ 30.07.2024ж. №194-бұйрығымен бекітілген «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының жаңартылған мазмұнымен таныстырды. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасында балалардың кешенді қауіпсіздігін ұйымдастыруға ерекше мән берілген: педагогтер мен ата-аналар нені білуі керек? Сондай-ақ, жылдық жұмыс жоспарында педагог қызметкерлерді жаңа жүйе бойынша аттестаттауға ерекше назар аударылатынын және осы бағыттағы жұмыс жаңа оқу жылында жалғасатынын атап өтті.

Шешім: 2. Балабақшаның 2025 – 2026 оқу жылына арналған жылдық жоспарының жобасы бекітілсін және негізге қабылдансын:

- Үшінші мәселе бойынша Балабақша меңгерушісі А.Б.Султанова әдістемелік нұсқау хат 2025-2026 оқу жылында тәрбиелеу білім беру процесін ұйымдастыруда меншік түрлері мен нысанына, ведомстволық бағыныстылығына қарамастан мектепке дейінгі ұйымдардың басшыларына, әдіскерлері мен педагогтеріне әдістемелік көмек көрсетуге арналған. Бүгінгі күні елімізде балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытумен қамту мен бірге мектепке дейінгі ұйымдар ұсынатын қызметтік сапасын арттыру үшін кешенді шаралар қабылдануда.

Шешім: Әдістемелік нұсқау хатты жұмыс барысында қолдану.

Төртінші мәселе бойынша балабақша әдіскері У.М.Гумарова сөз сөйледі. Ол балабақшаның Жылдық жоспары мен «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру кезінде ата-аналармен (заңды өкілдермен) жұмысты ұйымдастыруға назар аудару қажеттігін ескертті.

Шешім: 4. Әр топтың циклограммасын құрастыру кезінде ата-аналармен (заңды өкілдермен) жұмысты ұйымдастыру жөніндегі міндеттерді сапалы түрде жүзеге асырылсын:

Ағымдағы мәселелер

Балабақша меңгерушісі А.Б.Султанова ағымдағы құжаттарды бекітуге тоқталып өтті. Балабақшада ауқымды жұмыстардың бірі әдістемелік жұмыс екенін, оны

